



Құм терапиясы

«Ерекше білімді қажет ететін балалармен қиял көрнекі бейнелік ойлауды, сөздік логикалық ойлауды дамыту ойын жаттығулары»

Өткізген: Табылғанова Д.

Құм терапиясы

«Ерекше білімді қажет ететін балалармен қиял-көрнекі бейнелік ойлауды, сөздік-логикалық ойлауды дамыту ойын жаттығулары»

Мақсаты:

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, қиялын, ұсақ моторикасын, сөйлеу тілін, эмоциялық тұрақтылығын қалыптастыру.

Міндеттері:

- * Балалардың қиялын және шығармашылық қабілетін дамыту;
- * Сөздік қорын байыту;
- * Логикалық ойлауын жетілдіру;
- * Қол моторикасын дамыту;
- * Зейінін, есте сақтауын арттыру;
- * Эмоциялық жай-күйін тұрақтандыру.

Құм терапиясының маңызы

Құм терапиясы — бала психологиясына жұмсақ әсер ететін, еркін ойлауға мүмкіндік беретін әдіс. Құммен жұмыс барысында бала өз сезімін, ойын, қорқынышын, қуанышын бейнелей алады. Бұл әдіс ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жасауда өте тиімді.

Құм терапиясының пайдасы:

- * Баланың сенсорлық сезімталдығын дамытады;
- * Сөйлеу белсенділігін арттырады;
- * Қарым-қатынасқа бейімдейді;
- * Эмоциясын шығаруға көмектеседі;
- * Ұсақ моториканы дамытады;
- * Шығармашылық ойлауын жетілдіреді.

Қажетті құралдар:

- * Таза құм салынған үстел немесе контейнер;
- * Ұсақ ойыншықтар;
- * Геометриялық пішіндер;
- * Табиғи материалдар;
- * Қылқалам, қалыптар;
- * Түрлі түсті тастар.

Ойын-жаттығулар

1. «Іздерді тап»

Мақсаты:

Зейінді, есте сақтауды, ойлауды дамыту.

Ойын барысы:

Педагог құм бетіне әртүрлі іздер салады. Бала қандай із екенін табады.

Нәтиже:

Баланың бақылауы, салыстыру қабілеті дамиды.

2. «Құмдағы сурет»

Мақсаты:

Қиял мен шығармашылықты дамыту.

Ойын барысы:

Бала құм бетіне қалаған суретін салады және әңгімелеп береді.

Нәтиже:

Сөйлеу тілі, байланыстырып сөйлеуі дамиды.

3. «Жасырынған зат»

Мақсаты:

Сезіну арқылы тану қабілетін дамыту.

Ойын барысы:

Нәтиже:

Тактильді қабылдау мен ұсақ моторика дамиды.

4. «Ертегі құрастыр»

Мақсаты:

Сөздік-логикалық ойлауды дамыту.

Ойын барысы:

Бала ойыншықтарды пайдаланып, құмда ертегі құрастырады.

Нәтиже:

Қиялы, сөйлеуі, логикалық байланыс құруы дамиды.

Сергіту сәті

Құммен ойнап алайық,

Саусақтарды санайық.

Жылы құмды ұстайық,

Көңілді боп тарайық.

Қорытынды

Құм терапиясы — ерекше білім беруді қажет ететін балалардың эмоциялық, танымдық және тілдік дамуына оң әсер ететін тиімді әдіс. Құммен ойнау арқылы бала өзін еркін сезінеді, қоршаған ортамен байланысы нығаяды және шығармашылық қабілеті дамиды.

